

<p>ЛИТИЙ БАТАРЕЯЛАРЫН, СЫРТҚЫ БАТАРЕЯЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ МАТЕРИАЛ</p>	 <p>ҚАЗАҚСТАННЫҢ АВИАЦИЯЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІ</p>
<p>Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының Doc 9284 «Қауіпті жүктерді әуе арқылы қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулыққа» 2026 жылғы 27 наурыздағы № 1 қосымша</p>	
<p>Күні: 13.04.2026</p>	<p>№: DGR_ADD1 2026-001</p>
<p>Қауіпті жүктер басқармасы</p>	<p>Қайта қарау: 00</p>

1. МАҚСАТЫ

Литий батареяларын, сыртқы аккумуляторларды тасымалдау жөніндегі осы нұсқаулық материал азаматтық авиация саласының субъектілеріне Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті нормативтік құқықтық актілерді орындау жөнінде ақпарат беру мақсатында шығарылды.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 21 маусымдағы № 371 бұйрығымен (бұдан әрі - №371 бұйрық) бекітілген Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді әуе арқылы тасымалдау жөніндегі нұсқаулықтың 10-тармағының 2-бөлігіне сәйкес жолаушылар мен экипаж мүшелеріне қауіпті жүктерді тіркелген багажда және қол жүгінде тасымалдауға тыйым салынады, тек ИКАО техникалық нұсқаулығында көзделген жағдайларды қоспағанда.

2.2. Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының Doc 9284 «Қауіпті жүктерді әуе арқылы қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулыққа» енгізілген №1 қосымша литий батареяларды, сыртқы аккумуляторларды (power banks) тасымалдауға қатысты жаңа талаптарды енгізеді. Көрсетілген талаптар 27.03.2026 жылдан бастап қолдануға жатады.

2.3. Қосымшаның мақсаты – литий батареяларды, сыртқы аккумуляторларды (power banks) және электрондық құрылғыларды ИКАО стандарттары мен ұсынылған тәжірибесіне сәйкес қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету.

3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ DOC 9284 «ҚАУІПТІ ЖҮКТЕРДІ ӘУЕ АРҚЫЛЫ ҚАУІПСІЗ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚҚА» ЕНГІЗІЛГЕН №1 ҚОСЫМША ТАЛАПТАРЫ

Литий батареяларды, сыртқы аккумуляторларды (power banks) және электрондық құрылғыларды тасымалдау кезінде келесі талаптарды сақтау қажет:

3.1. Аэрозольдер, алкогольдік ішімдіктер, әтірлер, одеколондар, сұйытылған газбен жұмыс істейтін оттықтар және құрамында литий-металл немесе литий-ион элементтері не батареялары бар портативті электрондық құрылғылар, оларды әуе кемесінің бортында пайдалану немесе бір немесе бірнеше рейс барысында осы әуе

<p>ЛИТИЙ БАТАРЕЯЛАРЫН, СЫРТҚЫ БАТАРЕЯЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ МАТЕРИАЛ</p>	 <p>ҚАЗАҚСТАННЫҢ АВИАЦИЯЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІ</p>
<p>Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының Doc 9284 «Қауіпті жүктерді әуе арқылы қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулыққа» 2026 жылғы 27 наурыздағы № 1 қосымша</p>	
<p>Күні: 13.04.2026</p>	<p>№: DGR_ADD1 2026-001</p>
<p>Қауіпті жүктер басқармасы</p>	<p>Қайта қарау: 00</p>

кемесінде сату үшін эксплуатант тасымалдайтын болса, бірақ қайта зарядтауға жатпайтын газ оттықтары мен төмен қысым жағдайында ағуға бейім оттықтарды қоспағанда, бұрын қолданылған ИКАО ТН 8-1 кестесінің 1-тармағының орнына **ИКАО ТИ 2.2.2-тармағының талаптары** сақталған жағдайда тасымалдауға рұқсат етіледі.

3.2. Электрондық құрылғылар, мысалы электрондық ұшу планшеттері, жеке ойын-сауық құрылғылары және кредиттік карталарды оқу құрылғылары, құрамында литий-металл немесе литий-ион элементтері не батареялары бар, сондай-ақ осындай құрылғыларға арналған қосалқы литий батареялары немесе сыртқы аккумуляторлар (power bank), оларды ұшу немесе бірнеше рейс барысында пайдалану үшін әуе кемесінің бортында эксплуатант тасымалдайтын болса, бұрын қолданылған ИКАО ТН 8-1 кестесінің 1-тармағының орнына **ИКАО ТН 2.2.2-тармағының талаптары** сақталған жағдайда тасымалдауға рұқсат етіледі.

3.3. **Қосалқы литий батареялары және сыртқы аккумуляторлар (power banks):**

- тек қол жүгінде тасымалданады;
- қысқа тұйықталудан қорғалуы тиіс;
- әуе кемесінде зарядтауға және пайдалануға болмайды;
- бір жолаушыға екі данадан артық болмайды;
- төменде көрсетілген шектеулер мен шекті мәндерге сәйкес болуы тиіс.

3.4. **Шектеулер мен шекті мәндер:**

- Әр батарея БҰҰ сынақтары мен критерийлері жөніндегі нұсқаулықтың ІІІ бөлімі 38.3 тармағында көрсетілген сынақтардан өтуі тиіс.
- Әр батарея келесі параметрлерге сәйкес болуы тиіс:
 - литий-металл батареяларындағы литий мөлшері 2 г-нан аспауы тиіс;
 - литий-иондық батареялардың қуаты 100 Втсағ-тан аспауы тиіс.
- Портативті медициналық электрондық құрылғыларға арналған литий-металл батареялары литий мөлшері 2 г-нан артық, бірақ 8 г-нан аспайтын жағдайда тасымалдаушының келісімімен тасымалдауға рұқсат етіледі.
- Литий-иондық батареялар қуаты 100 Втсағ-тан артық, бірақ 160 Втсағ-тан аспайтын жағдайда тасымалдаушының келісімімен тасымалдауға рұқсат етіледі.

<p>ЛИТИЙ БАТАРЕЯЛАРЫН, СЫРТҚЫ БАТАРЕЯЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ МАТЕРИАЛ</p>	 <p>ҚАЗАҚСТАННЫҢ АВИАЦИЯЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІ</p>
<p>Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының Doc 9284 «Қауіпті жүктерді әуе арқылы қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулыққа» 2026 жылғы 27 наурыздағы № 1 қосымша</p>	
<p>Күні: 13.04.2026</p>	<p>№: DGR_ADD1 2026-001</p>
<p>Қауіпті жүктер басқармасы</p>	<p>Қайта қарау: 00</p>

3.5. Литий батареялары бар багаж, құрамындағы литий мөлшері 0,3 г-нан артық немесе қуаты 2,7 Втсағ-тан жоғары болған жағдайда тек қол жүгінде тасымалдануы тиіс немесе батареялар алынып, қосалқы батареяларға қойылатын талаптарға сәйкес бөлек тасымалдануы қажет. Мұндай батареяларға арналған шектеулер мен шекті мәндер 3.4-тармақта көрсетілген.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. №371 бұйрықтың 14-тармағына сәйкес қауіпті жүктерді тасымалдауды қамтамасыз етуге бағытталған функцияларды орындайтын персоналдың жұмыс берушісі ИКАО ТИ сәйкес қауіпті жүктер саласында персоналды даярлау бағдарламасын әзірлейді және қолданады.,

4.2. Сонымен қатар, №371 бұйрықтың 38-тармағына сәйкес азаматтық әуе кемелері мен әуежайларды пайдаланушылар жолаушыларға ИКАО ТИ сәйкес әуе кемесінің бортында тасымалдауға рұқсат етілмейтін қауіпті жүк түрлері туралы жолаушыларға ескертілетіндей ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

4.3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 115 бұйрығымен бекітілген Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығының Сертификаттау және сертификат беру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес дәрістік және практикалық сабақтардың мазмұны өзектілігі мен жаңалығын, сондай-ақ оқу жоспарының, жұмыс бағдарламаларының, ИКАО ұсынымдары мен талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.